

2013 жылға Риддер қаласы халқының нысаналы топтарын анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы N 828 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қаңтарда N 2835 тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Риддер қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 01 сәуірдегі N 2-22-2621 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Риддер қалалық әкімдігінің 01.04.2014 N 2-22-2621 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға Риддер қаласы бойынша халықтың келесі нысаналы топтары анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелеттік жасқа толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы тұлғалар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босатылған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер ;

12) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар ;

14) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар;

15) 50 жастан асқан азаматтар;

16) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын бітірушілер.

17) басым кәсіптер (мамандықтар) бойынша кәсіптік оқытуды аяқтаған, Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының қатысушылары;

2. «Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Риддер қаласының жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды уақытша жұмыспен қамту және олардың жұмысқа орналасуына көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау Риддер қаласы әкімінің орынбасары Р.В. Дюсебаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Риддер қаласының әкімі

М. Сапарғалиев